

ӨОЖ 343.3/.7

Б.А. Сериев

з.ғ.к., доцент І. Жансүгіров атындағы ЖМУ Қазақстан, Талдықорған қ.
e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Лауазымдық қылмыстарды саралаудың ерекшеліктері

Жемқорлықтың алдын алу мәселелерін жетілдіру және оны құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тәжірибесінде қолдану тиімділігін арттыру жолдары теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шараларын жаңғырту бойынша ұсыныс сипатындағы тұжырымдарды жасау және заңдарға енгізу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: жемқорлық, сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыстар, жемқорлықтың алдын алу, жемқорлықпен күрес.

B.A. Seriev

Features classification of subjects malfeasance

On scientific work, that was named, to perfect questions of anticipating voracity and her a right protects efficiency application in experience office workers of organs examined theoretical approach lines increase. And also fight and measures of anticipating to renew voracity, according to conclusions in character of suggestion, examined questions introduction dowry and in laws.

Key words: Corruption, corruption crimes, post crimes, counteractions of corruption, fight against a corruption.

Б.А. Сериев

Особенности классификация субъектов должностных преступлений

Решение наиболее значимых теоретических и практических проблем, обусловленных концептуальными направлениями борьбы с коррупционными и должностными преступлениями; систематизация современных теоретических взглядов и идей, связанных с антикоррупционной деятельностью, а также разработка на данной основе научно-обоснованных путей и методов дальнейшего совершенствования антикоррупционной деятельности.

Ключевые слова: коррупция, коррупционные преступления, должностные преступления, противодействия коррупции, борьба с коррупцией.

Заңмен анықталған «лауазымды тұлға» түсінігі лауазымдық қылмыстарға қылмыстық жауапқа тартылатын адамдардың тізімін қатаң шектейді. Мемлекеттік органдарға және жергілікті басқару органдарға, Қарулы Күштерге, Қазақстан Республикасының әскери құралымдарына жататын лауазымды адамдардың жауапқа тартылуы қарастырылды.

Дегенмен, «Мемлекеттік орган» ұғымын анықтауда түрлі көзқарас байқалады, сондықтан қылмыс жасаған адамдардың қылмысын негізсіз жіктейді және заңсыз жаза қолданады.

Лауазымдық қылмыстардың бірқатары басқа да нысандарын көздейді (адам мен азаматтың

конституциялық құқықтары мен бостандықтары, экономикалық қызмет, әділет). Ол қылмыстарға жатады:

- азаматтарға ақпарат беруден бас тарту;
- жиналыс, шеру, ереуіл, пикеттеу өткізуге кедергі жасау немесе оларға қатысу;
- заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау;
- жер телімдері бойынша заңсыз мәмілелерді тіркеу;
- контрабанда;
- қылмыстық жауапкершілігіне кінәсіз адамды тарту;
- қылмыстық жауапкершіліктен заңсыз босату;

- заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау;
- жауап беруге мәжбүрлеу;
- дәлелдерді бұрмалау;
- соттың үкімін, шешімін немесе басқа актің орындамау.

Сондай-ақ лауазымдық қылмыстарға лауазымды тұлға болған адамдардың құқыққа қайшы келетін, қызмет бабын пайдалану арқылы жасалған әрекеттері жатады.

Лауазымдық қылмыстардың криминологиялық сараптауы кейбір қылмыстардың жасалуын сыбайлас жемқорлық қылмысы ретінде қарастыруға болатынын анықтады. Сыбайлас жемқорлық тек лауазымды тұлғаларды пәрелеу шартымен анықталады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмысы лауазымды тұлғалардың мемлекеттік әрі коммерциялық саласында жасалған түрлі құқыққа қайшылас әрекеттерін қамтиды. Сөйтіп, ол қылмыс түрлерінің арақатынасы бір-біріне жартылай салынған шеңбер түрінде көрсетуге болады [1].

Лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалану (ҚР ҚК 307-бап) – мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса, жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [2].

Аталған қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарын қарастырайық. Объективтік жағы үш міндетті сипатын қамтиды:

- 1) лауазымды тұлғаның қызметтік өкілеттілігін қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы;
- 2) азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның не-

месе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу салдарына әкеп соғуы;

3) әрекет пен салдарының арасындағы себепті байланысы.

Лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалануда объективті жағының міндетті элементі – азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуы. Тек осы салдарының пайда болған жағдайында лауазымдық өкілеттілігін немесе қызметтік билігін асыра пайдалануы толық қылмыс болып есептеледі. Елеулі түрде бұзылу – бағалау ұғым болғандықтан, тергеу мен сот құжаттарында ол дәлелденуі керек. Лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалану субъектісі лауазымды тұлға болғаны маңызды шарт.

Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның кәсіпкерлік қызметіне кедергі жасауы түрлі әдістер арқылы жүзеге асады: 1) кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарай (жеке кәсіпкер, шаруашылық қожалығы, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив немесе мемлекеттік мекеме) шектеу; 2) дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу; 3) қызметіне өзгедей заңсыз араласу. Кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуі тек қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асуға мүмкін. Кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның құқығын шектеуде заңнама адам мен азаматтың заңды мүдделері мен құқықтарын, меншігін, ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздігін, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын қорғауды көздейді, арнайы рұқсат(лицензияны) алуда белгілі шектеулер орнатады [3].

Кейбір жағдайларда кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне қатысты мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғалардың араласу әрекеттері мүмкін болады: монополистік қызметін және сапасыз бәсекелестік бойынша, ақпараттық, экологиялық қауіпсіздігін сақтауда, сауда-саттық ережелерін бұзуына қарсы өкілеттілігін жүзеге асыруда. Аталған қылмыстың жүзеге асуына лауазымды тұлға жауапкершілік жүктеледі. Лауазымды тұлға деген ұғымды анықтауда ҚР ҚК 307-бабының 3-ескертуіне сүйену керек.

Лауазымды тұлға деген ұғымы оның бірнеше түрлерін қамтиды: билік өкілі, әкімшілік-шаруашылық пен әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметін атқаратын лауазымды тұлға.

Билік өкілі – лауазымды тұлға. Билік өкілдерінің қызметі заңға негізделген және орындауға міндетті болған ведомстволық бағыныштылығы мен қатысына қарамастан заңды тұлғаларға және азаматтарға қатысты заңды маңызы бар өкімдері мен әрекеттерінде жүзеге асады. Мысалы, билік өкілі – полиция қызметкері белгілі жағдайда азаматтардың жеке куәлігін тексеруге, азаматтардың тұрғын үйлері мен басқа бөлмелеріне кедергісіз кіруге құқылы. Ұйымдастырушылық-әкімшілік қызметін атқаратын лауазымды тұлға. Бұл қызметтерді атқаратын тұлға ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның, бөлімнің, т.с.с. жұмысын басқарады (кадрларды іріктейді, бағынышты қызметкерлердің жұмысына басшылық етеді, жоспарлайды және жоспардың орындалуын қамтамсыз етеді). Ұйымдастырушылық-әкімшілік міндетінің орындауы әрдайым басқа адамдардың жұмысын басқаруына байланысты болады.

Шаруашылық-әкімшілік қызметін атқаратын лауазымды тұлға. Шаруашылық-әкімшілік қызметі мүлікті пайдалану мен бақылау, онымен мәмілелер жасасу, жауапты сақтау бойынша өкілеттілігін жүзеге асыруды қамтиды. Қылмыс қасақана жасалады. Лауазымды тұлға кәсіпкерлік қызметке кедергі жасауға заңды негізінің болмағанын сезініп, алайда жүзеге асыруды ниеттенеді. Оған түрлі себептері болады: пайдакүнемдік, мысалы, нарықтағы бәсекелесінен құтылудың қажеттілігі туғанда, жеке уәждері, өзінің күш-қуаттылығын көрсету мақсатында, т.с.с.

Тәжірибемізде кәсіпкерлік субъектілерінен пара беруді мәжбүрлеуге (талап етуге) бағытталған лауазымды тұлғалардың дискриминациялық әдістерді қолдануы жиі кездеседі. Бұл жағдайда лауазымды тұлға заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау қылмысы әрі пара алу қылмысы үшін жауапқа бірақ тартылады (ҚР ҚК 311-бап, 4 т., «а»).

Пара алу мен лауазымдық өклеттілігін теріс пайдалану қылмыстарының жалпы біртекті сипаттары бар. Мысалы, лауазымды өкілеттілігін теріс пайдалануда лауазымды тұлға қызмет бабын пайдакүнемдік мүдделігінен пайдаланады,

яғни бұл қылмыс кейбір жағдайда лауазымды тұлғаның қызмет бабын пайдалану арқылы мүліктік пайда алуына байланысты болады.

Бұл қылмыста қызметтік өкілеттілігін тек өз құқығы мен міндеттерінің шегінде пайдалана алады, ал пара алу қылмысы заңсыз әрекет (әрекетсіздік) жасауда бола береді. Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалануы заңда материалдық құрам ретінде қарастырылады, яғни аталған қылмыс жүзеге асқанда міндетті түрде зардаптар – азаматтардың немесе ұйымдардың заңды мүдделерін немесе мемлекет пен қоғамның заңмен қорғалатын мүдделерін заңды мүдделері мен құқықтарын бұзу басталуы керек, ал пара алу қылмыстың құрамы формалды деп танылады.

Қарастырылып отырған қылмыстардың негізгі айырмашылығы – қызмет өкілеттілігін теріс пайдалануда лауазымды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруымен және өкілеттілігімен байланысты әрекет немесе әрекетсіздік заң бойынша танылады. Пара алуда аталған әрекет лауазымды тұлғаның мүмкінді мінез-құлқын сипаттайды.

Сондықтан «басқа адамның есебінен мүліктік пайда табуы (мысалы, сыйлық алу, дәм тату түрінде), бірақ аталған адамның мүддесіне қатысты қызмет бойынша әрекет жасамауы немесе уәдесіне қатысты әрекет жасауы лауазымын асыра пайдалану деп есептеледі (пара алу емес) деген кейбір ғалымдарының пікірі, біздің ойымызша, негізсіз. Сол себептен пара берушілердің мүддесіне байланысты болмаған әрекеттер қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану деп жіктеледі» [4]. Бұл жағдайда пара алудың бір түрі – жалпы қамқоршылық көрсету немесе қызмет бойынша жол беру орын алады (ҚР ҚК 311 бап). Пара алудан қарағанда қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланудың ерекшелігі – қызмет бойынша әрекет (әрекетсіздік) жасағанда мүддесін көздейтін «екінші тараптың» болмауы. Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалануда екінші тарап тең қатысушы рөлінде заңсыз пайда табуға ниет білдіреді немесе қызмет мүддесіне қарсы мүліктік пайда табатын жәбірленуші рөлін атқарады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеті мәселесін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет Елбасы мен ҚР заңнамалық органдары қысқа мерзімде отандық заңнамасының құқықтық негізін нығайтып, сыбайлас жемқорлық

құқықбұзушылықпен күрестің нақты мақсаты мен міндеттерін және қылмыстардың алдын алу, тергеу, ашу бойынша құқық қорғау органдарының рөлін анықтады.

Негізгі нормативтік ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасында, ҚР Президентінің «Сыбайлас жемқорлықпен және қылмыстың ұйымдасқан түрлерімен күресін нығайту бойынша шаралар туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен және қылмыстың ұйымдасқан түрлерімен күресін нығайту, ұлттық қауіпсіздігін нығайту бойынша шаралар туралы», «Экономикалық қылмыспен күрестің тиімділігін арттыру бойынша шаралар туралы» Жарлықтарында, ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңдарында анықталған. Соңғы Заңның қабылдануы сыбайлас жемқорлықпен күресінің жаңа кезеңін белгіледі, өйткені аталған нормативтік акт экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық шаралардың кешенін қамтиды.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» Жолдауында стратегияның жеті принциптерінің ішінде «сыбайлас жемқорлықпен күресін» ерекше атап өтті. «Біздің босаң тұстарымыздың қатарына жетінші осал жағымызды – жете даярланбаған және нашар ұйымдастырылған мемлекеттік басқаруды жатқызған жөн. Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз және зиянды сілемі, ведомствошылдық пен жершілдік, жекжатшылдық пен топшылдық, ұжымдық жауапсыздық, сүреңсіздік пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық, міне біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбиелеп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын нысаннан ашық күйге ауысқан «қадір-қасиеттерінің» әлі де толық емес жиынтығы осы. Осы зиянды әдеттердің қаулап өсу әлеуетіне түбірінен балта шауып, Үкімет аппараты мен мемлекет қызмет реформаларын жеделдету қажет», – деп ұстанымның негізгі мән-мағынасын ашты [5].

Лауазымдық қылмыстардың ерекшелігі – аталған органдары мен мекемелердің дұрыс қызметіне кедергі келтіріп, олардың қоғамдағы беделін төмендетеді, сондай-ақ азаматтарда заңды мүдделері мен құқықтарының қорғалуына сенімін жояды. Лауазымдық

қылмыстардың жасалу нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға үлкен материалдық шығын келтіріледі, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының жұмысы бұзылады. Лауазымдық қылмыстардың криминологиялық ерекшелігі – қылмыстарға тек әкімшілік-шаруашылық, ұйымдастырушылық-өкімдік қызметін атқаратын лауазымды тұлғалардың қатысы. Оларға, біріншіден, билік үкіметтің өкілдері, екіншіден, мемлекеттік органдарда, жергілікті басқару органдарда, Әскери Күштерде, мемлекеттік мекемелерде, т.б. әкімшілік-шаруашылық, ұйымдастырушылық-өкімдік қызметін атқаратын тұлғалар жатады. Үкімет өкілдері дегеніміз құқық қорғау немесе бақылау органдарының лауазымды тұлғалары, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіпте қызмет бойынша бағынбайтын тұлғаларға қатысты өкімдік өкілеттілігі болатын басқа лауазымды тұлғалар. Басқа сөзбен айтқанда, үкімет өкілдері дегеніміз кең ауқымдағы шенбердегі жеке және заңды тұлғаларға қатысты билік жасау өкілеттілігі болатын тұлғалар, оның ішінде судьялар, прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар.

Ұйымдастырушылық-өкімдік қызметін атқаратын тұлғалар мемлекеттік органның аппаратын, сондай-ақ осы органдар мен мекемелердің жеке қызметкерлерін басқару бойынша өкілеттілігін жүзеге асыратын тұлғалары. Бұл өкілеттілігінің шенберіне кадрларды іріктеу мен бекіту, бағыныштылардың еңбегін ұйымдастыру, еңбек тәртібін нығайту, тәртіптік жазалау мен марапаттау шараларын қолдану жатады.

Әкімшілік-шаруашылық қызметін атқаратын тұлғалар мемлекеттік немесе жергілікті органдарының мүліктерін сақтау, пайдалану тәртібін анықтау арқылы басқару бойынша әрекет жасауға өкілетті тұлғалары, оның ішінде қаржы бөлімдерінің және шаруашылық қызметінің басшылары.

Лауазымдық қылмыстардың криминологиялық ерекшелігі – олардың түрлілігі. Бірінші кезекте ол мемлекеттік билігіне қарсы, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстары:

- қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану;
- лауазымды өкілеттілігін асыра пайдалану;
- кәсіпкерлік қызметіне заңсыз қатысу;
- пара алу;
- қызметтік жалғандық жасау;
- немқұрайлық.

Әдебиеттер

1. Доклад Комитета по правам человека при Президенте РК //Юридическая газета. – 2004. – 10 августа.
2. Агыбаев А. Отчет по теме фундаментального исследования; «Уголовно- правовые и криминологические проблемы борьбы с коррупцией». Мат-лы науч.- практ. конференции. – Алматы, 2002. – С.3-4.
3. Алауханов Е.О. Криминология. Учебник. – Алматы. 2008. – 429 с.
4. Сергиевский В.А. Коррупция – преступление политическое //Мысль. – М., 1995. – №2. – С. 31-34.
5. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1997. – 11 октября.

References

1. Report of the Committee on Human Rights under the President of RK // Legal newspaper . – 2004 . – August 10.
2. Agybaev A report on fundamental research, “ Criminal Law and Criminological problem of combating corruption.” Proceedings of the scientific . – Pract . conference. – Almaty, 2002 . – P.3 -4.
3. Alauhanov EO Criminology . Textbook. – Almaty. 2008. – 429 p.
4. Sergievskiy VA Corruption – a political crime // Thought. – М., 1995. – № 2. – Pp. 31-34 .
5. NA Nazarbayev Kazakhstan – 2030 . Prosperity, security iuluchshenie welfare of all Kazakhstan : Message of the President People of Kazakhstan // Kazakhstan ‘s true. – 1997 . – October 11.